

Кейбір кедендік құжаттардың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 ақпанда № 16365 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 404-бабы 7-тармағына, 415-бабының 5-тармағына, 532-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 29.03.2023 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеруді жүргізуге арналған нұсқама нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тұрақты және уақытша рұқсат қағаздарының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеруді жүргізуге арналған нұсқаманы тіркеу журналының нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тұрақты және уақытша рұқсат қағаздарын тіркеу журналының нысаны бекітілсін;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тауарларды жөнелтуші (шығарылған, транзит) елдің кедендік декларацияларының көшірмелерін кедендік декларациялау кезінде ұсынуға келісім беру туралы міндеттеме нысаны.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 29.03.2023 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Үй-жайлар мен аумақтарды қарауға арналған ұйғарымның (нұсқаудың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 415 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6454 болып тіркелген, 2010 жылғы 28 қыркүйектегі №390-393 (26236)) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 139 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13622 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылдың 7 маусымында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 110 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеруді жүргізуге арналған № ____ нұсқама

1. _____

(кедендік қарап-тексеруді жүзеге асырушы мемлекеттік кірістер органының атауы)

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісін реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы Кодексінің 415-бабының сәйкес үй-жайлар мен аумақтарға кедендік

қарап-тексеру жүргізілсін:

2. _____

(қаралатын субъектінің атауы, (жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі), заңды және нақты мекенжайы)

3. _____

(кедендік қарап-тексеру өткізудің мақсаты)

4. _____

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), кедендік қарап-тексеруді жүргізуге уәкілетті мемлекеттік кірістер органдарының лауазымы)

5. _____

(кедендік қарап-тексеру өткізудің мерзімі)

6. _____

(үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеру актісінің нөмірі (өткізілген кедендік қарап-тексеру нәтижесі бойынша толтырылады)

Аумақтық мемлекеттік
кірістер органы _____
басшысының қолы _____
тегі, аты және әкесінің аты
(ол болған кезде)

М.О.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 110 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Тұрақты және уақытша рұқсат қағаздары

(мемлекеттік кірістер органы)

№ _____ Тұрақты рұқсат қағазы

3x4 Берілді _____

Фото Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде)

орны Ұйымның атауы _____

Лауазымы _____

Кедендік бақылау аймағы _____

Берілді _____ 20 ____ жылы 20 ____ жылғы _____ дейін жарамды

Жеке куәліктің № _____

Мемлекеттік кірістер органның басшысы _____

(мемлекеттік кірістер органы)

20__ жылғы ____ № ____ Уақытша рұқсат қағазы

Кедендік бақылау аумағына өту үшін рұқсат қағазы _____

Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Ұйымның атауы _____

Лауазымы _____

Келу уақыты ____ сағат ____ минут

Кету уақыты ____ сағат ____ минут

_____ кіру
рұқсат етілді.

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, қолы).

Ескертпе: рұқсат қағазының мөлшері – 148x210 миллиметрге (А5 форматы) сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 110 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеруді жүргізуге арналған нұсқаманы тіркеу журналы

р/с №	Қаралатын субъектінің атауы	Субъектінің ЖСН/БСН *	Кедендік қарап-тексеруге жататын	Кедендік қарап-тексеруді өткізу мақсаты	Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары, тегі, аты және әкесінің аты (ол	Үй-жайлар мен аумақтардың кедендік қарап-тексеру актісінің нөмірі (қарап-тексеруді	Кедендік қарап-тексеруге шығу күні және уақыты	Кедендік қарап-тексеруді	Ескертпе
----------	-----------------------------	-----------------------	----------------------------------	---	---	--	--	--------------------------	----------

			уақытша сақтау орны		болған кезде), лауазым ы	өткізу нәтижесі бойынша толтыры лады)		аяқтау күні және уақыты	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескертпе:

* ЖСН - Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - Бизнес сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 110 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Тұрақты және уақытша рұқсат қағаздарды тіркеу журналы

p/c №	Рұқсат қағазды ң түрі	Кеденді к бақыла у аумағы ның түрі	Рұқсат қағазды алатын мды адамны ң тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде)	Рұқсат қағазды алатын ұйымн ы ң атауы	Тұрақты рұқсат қағазы		Уақытша рұқсат қағазы			Мемлек еттік кіріс органд арының рұқсат қағазын берген адамны ң тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), лауазы мы	Рұқсат қағазын беретін лауазы мды адамны ң қолы
					Берілге н күні	Жарамд ы мерзімі	Күні	Келу уақыты (____ сағат, _ __ минут)	Кету уақыты (____ сағат, _ __ минут)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 110 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

Тауарларды жөнелтуші (шығарылған, транзит) елдің кедендік декларацияларының көшірмелерін кедендік декларациялау кезінде ұсынуға келісім беру туралы міндеттеме

Ескерту. Бұйрық 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 29.03.2023 № 301 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

тұлғасында

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Кодекстің 532-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында, егер уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мұндай кедендік декларацияны толтыру жөнелту (шығарылған, транзит) елінде көзделсе, тауарларды жөнелтуші (шығарылған, транзит) елдің кедендік декларацияларының көшірмелерін кедендік декларациялау кезінде ұсынуға міндеттенеді.

Қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Күні _____